

**Regional Academy of Management
European Scientific Foundation Institute of Innovation
Regional Center for European Integration
National Institute of Economic Research
Batumi Navigation Teaching University
Sokhumi State University
Ukrainian Assembly of Doctors of Sciences in Public Administration
East European Institute
International Toktomamatov University in Jalal-Abad
Taraz Innovation and Humanities University**



**Materials of the V International
Scientific-Practical Conference**

**«Quality Management:
Search and Solutions»**

**November 27-29, 2019
San Francisco (CA, USA)**

Volume I

San Francisco, 2019

UDC 005
BBC 65.290-2
M 45

Editorial Board:

Chairman of the Board – Professor S. Midelski (Kazakhstan).

Members of the Board:

D.Sc., Professor S. Baubekov (Kazakhstan), Ph.D., Associated Professor Zh. Duysheev (Kyrgyzstan), Ph.D., Associated Professor B. Gechbaia (Georgia), Ph.D., Colonel (Ret.) E. Janula (Poland), Dr. Prof. Deep Sea Going Captain P. Khvedelidze (Georgia), Ph.D., Professor O. Komarov (Kazakhstan), Associated Professor T. Kolossova (Kazakhstan), Associated Professor I. Makarycheva (Russia), Ph.D., Associated Professor A. Morov (Russia), D.Sc., Professor S. Omurzakov (Kyrgyzstan), D.Sc., Professor L. Qoqiauri (Georgia), D.Sc., Professor E. Romanenko (Ukraine), D.Sc., Professor Ye. Saurykov (Kazakhstan), Ph.D., Professor L. Takalandze (Georgia), D.B.A., Professor T. Trocikowski (Poland), Associated Professor D. Zhelazkova (Bulgaria).

M 54 Materials of the V International Scientific-Practical Conference «Quality Management: Search and Solutions». In two volumes. Volume I – San Francisco (CA, USA): Regional Academy of Management, 2019. – 473 p.

ISBN 978-601-267-251-0

This is a compilation of the materials of the V International Scientific-Practical Conference "Quality Management: Search and Solutions", that was held in San Francisco (CA, USA), on November 27-29, 2019.

Submissions cover a wide range of issues, primarily the problem of improving management, sustainable economic development and introduction of innovative technologies, improved training and enhancement of the development of "human capital", interaction between the individual and society, psychological and pedagogical foundations of innovative education.

Materials addressed to all those interested in the actual problems of management, economy and ecology, social sciences and humanities.

UDC 005
BBC 65.290-2

ISBN 978-601-267-251-0

© Regional Academy of Management, 2019

15. Л.Я. Бурима Система торговли выбросами парниковых газов в контексте устойчивого развития топливно-энергетического комплекса Беларуси.....	116
16. О.Е. Комаров Анализ контента казахстанских СМИ (опыт прикладного социологического исследования).....	125
17. Л.В. Мардахаев, К.Т. Ыбыраимжанов, А.А. Бекиш Системы начального образования на казахской земле и истории письменных знаков и алфавитов.....	130

SECTION I / СЕКЦИЯ I

ECONOMICS AND MANAGEMENT: PROBLEMS OF SUSTAINABLE GROWTH AND DEVELOPMENT / ЭКОНОМИКА И МЕНЕДЖМЕНТ: ПРОБЛЕМЫ УСТОЙЧИВОГО РОСТА И РАЗВИТИЯ

144

1.1. A. Demeev, A. Agniyazova Water Problems in the Countries of the "Lower" and "Upper" Rivers of Central Asia.....	144
1.2. K.B. Ibrahimov Forms and Models of State-Private Partnership	150
1.3. S.A. Shin Diagnostics of the Current State of Information Security Systems in Enterprises of Kazakhstan.....	157
1.4. A.A. Gassanova, F.M. Osmanova Systematic Literature Review of the Impact of HRM Practices on Organizational Performance Through the Mediating Factor Such As "Employee's Outcomes".....	161
1.5. A. Ramazanov, A. Yertaskyzy International Experience in Creating a Corporate Image of a Hotel.....	167
1.6. A. Ramazanov, D. Yermekkyzy The Impact of Global Risks on Hospitality of Kazakhstan.....	174
1.7. Р.Д. Калбаева Кыргызстандагы туризмди талдоо.....	181
1.8. К.М. Утепкалиева, Р.С. Уталиева, Ж.М. Орынбасаров Актуальность формирования и модернизации экономического сознания общества - как залог стабильности национальной экономики.....	186
1.9. О.Е. Комаров Оценка качества оказания государственных услуг в Республике Казахстан (опыт исследования в г. Нұр-Сұлтан).....	193
1.10. Н. Аманбек, Л.А. Мамаева, Ж.А. Искакова Қазақстанда қызмет көрсету сапасын бағалау әдістерінің ерешеліктері.....	199

1.11. Н. Аманбек, Л.А. Мамаева, Ж.А. Исакова Ұйымның қызметіне мүдделі тараптардың талаптарын іске асыру дәрежесінің қызмет сапасына әсерін зерттеу.....	206
1.12. Е. Жуман Управление качеством продукции в Казахстане	213
1.13. А.А. Байтасов Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингіндегі Қазақстанның экономикалық-географиялық әлеуеті.....	218
1.14. Б.К. Джазыкбаева, Р.С. Беспаета, М.Б. Жумабекова Сущность понятия биоэкономика: аналитический обзор.....	222
1.15. С.Б. Альдешова, М.С. Дарискалиева, Э.М. Адиетова, Ә.Б. Сабырова Қазақстан Республикасында кедейшілік деңгейін азайту әдістерін дамыту.....	230
1.16. Г.А. Абзалбек Источники финансирования инвестиционных программ развития регионов.....	237
1.17. А.Е. Муханова, Ж.Б. Смагулова Кәсіпорын қызметінің бәсекеге қабілеттілігін басқару.....	243
1.18. Л.З. Бейсенова, А.К. Жахметова Модели бюджетирования, ориентированного на результат (БОР).....	250
1.19. А.М. Атчабарова, К. Алайдарқызы, Н.М. Кенесбаев Разработка мероприятий по улучшению деятельности организации ТОО «ААА».....	255
1.20. Ж.Д. Байбусинова Кәсіпкерліктің аймақтық жүйелерін дамытуда шағын және орта бизнес салаларын кластерлеу.....	261
1.21. Л.И. Кашук, Д.А. Аймагамбетова Анализ состояния и тенденций развития системы дошкольного воспитания и образования Павлодарской области.....	266
1.22. А.З. Айтқожаев, А. Куанышбекова Бизнес-үдерістердің сапасын арттыру.....	272
1.23. Ж.С. Раимбеков, А.С. Оспанова Исследования качества транспортно-логистического обслуживания в Казахстане.....	277
1.24. Б.Ж. Бектібай, Н.Н. Кадырханова Қатты қалдықтардың пайдасы мен шығыны.....	284
1.25. Б.Ж. Бектібай, Г.Б. Жуман Өнім кепілдігі табыс көзі.....	290
1.26. Б.Ж. Бектібай, Е.Қ. Нурумов, Ж.Б. Болат Кәсіпорынға ХАССП жүйесін енгізу – қауіпсіз өнім кепілі.....	296
1.27. Б.Ж. Бектібай, А.Ү. Қуан Еңбек жағдайлары - денсаулық кепілі.....	303
1.28. Б.Ж. Бектібай, С.С. Тұрсынбек Энергоменеджмент.....	309

Демек, жүйені кәсіпорынға енгізу арқылы азық – түлік өнімінің қауіпсіздігін арттырып қана қоймай, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі артады, бұл - қазіргі нарықтық замандағы басты шарттардың бірі екені бәрімізге мәлім.

Кәсіпорында HACCP енгізу - өндіруші қауіпсіз өнімді тұрақты шығаруға кепілдік беретін барлық шарттарды қамтамасыз ететіндігінің сенімді дәлелі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. http://elibrary.kaznu.kz/sites/default/files/Besplatnie_resursii/erkeba_eva_azyk-tulik_shikizaty_zhne_tagam_onimderinin_kauipsizdigi.pdf.
2. <https://stan.kz/ishak-aurularin-tudiratin-tayakshalar-tabildi-elordada-supermarketterdin-ten-zhartisindagi-tagam-zheuge-zharamsiz/>.
3. <http://docs.cntd.ru/document/1200007424>.
4. http://pvlnaceks.kz/news/news_post/novyy-standart-st-rk-iso-ts-22003-2017-sistemy-menedzhmenta-bezopasnosti-pishchevykh-produktov-trebovaniya-k-organam-provodyashchim-audit-i-sertifikatsiyu-sistem-menedzhmenta-bezopasnosti-pishchevykh-produktov.
5. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000001783_.

1.27. Еңбек жағдайлары - денсаулық кепілі

Біржан Жапсарбекұлы Бектібай

Техника ғылымдарының кандидаты, «Жылу физикасы және техникалық физика» кафедрасының оқытушысы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті (Алматы қ., Қазақстан)

Айдана Үсенқызы Қуан

Магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті (Алматы қ., Қазақстан)

Қазақстан кәсіпорындарындағы қауіпсіздік проблемалары, оның ішінде еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелерінде арнайы қарауды және түбегейлі шешуді талап етілген және әлі талап ететін бірқатар проблемаларға ие.

Жалпы жарақаттану деңгейі жалпы өсу тенденциясына ие. 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында, егер өткен жылдың статистикасымен салыстырсақ, зардап шеккендердің саны 8,3%-ға (701-ден 643-ке дейін), өліммен аяқталған жағдайлар - 23,5%-ға (85-тен 65-ке дейін) азайды. Кәсіподақтар федерациясы өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларды талдады: 2018 жылы 191 кәсіпорында 221 адам қаза тапты. Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар саны бойынша Қарағанды, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстары көш бастап тұр. Белгілі болғандай, өндірістегі өлімдердің себептері болып анықталды – құлаулар, көлік оқиғалары, жабдықтардың ақаулығы,

газбен улану, қираулар мен опырылулар, электр тоғымен зақымдану. Кәсіподақтар үшін еңбек жағдайлары зиянды жұмыс орындарын төмендету мәселелері бұрынғысынша өзекті. Статистика бойынша, 1,6 миллион қызметкердің 373 мыңы немесе әрбір төртіншісі (22,3%) зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істеген [1].

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғаусаласындағы жағымсыз жағдайлардың негізгі себептері келесілер болып табылады:

- барлық құрылымдық бөлімшелердің басшылығы деңгейінде де, сонымен қатар желілік басшылар, мамандар мен жұмысшылар деңгейінде кешенді және жүйелі жұмыстың болмауы, осы жұмысқа жауапты тиісті қызметтер мен олардың төменгі бөлімшелерінің тиісті жұмысының болмауы;

- өнеркәсіптік өндірістің барлық деңгейінде нақты, интеграцияланған және түсінікті еңбекті қорғауды басқару жүйесі мен бағдарламасының болмауы;

- еңбекті қорғау саласындағы құрылымдық бөлімшелердің жұмысын ұйымдастырудың мақсаттары мен міндеттерін, әдістері мен технологияларын регламенттейтін негіз қалаушы корпоративтік нормативтік актілердің болмауы;

- қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ететін қазіргі заманғы жабдықтармен, техникамен және жарақтармен жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту мен техникалық қайта жарақтандырудың баяу қарқыны;

- өнеркәсіптік өндірістің барлық деңгейінде пәрменді бақылау-алдын алу жұмыстарының болмауы.

Сондай-ақ, 2019 жылғы 23 мамырда «Астана Су Арнасы» ШЖҚ МКК-да болған нақты жағдайды келтіруге болады. «Тергеу нәтижелері бойынша жазатайым оқиғаның негізгі себебі кәріз ішіндегі ауа талдауын газталдағышпен жүргізбегені, газқағарлардың қызметкерлеріне бермегені, сондай-ақ рұқсатнама бермей жұмысқа жіберілгені анықталды. Осы себептерді негізге ала отырып, жұмыс берушінің лауазымды тұлғаларының кінәсі 100% көлемінде анықталған», – деп түсіндірді ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі [2].

Осы проблемалардың өзектілігін назарға ала отырып, Кәсіподақтар федерациясы ҚР Үкіметіне еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізу бөлігінде заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу; ғимараттардың, құрылыстардың техникалық жағдайын жаңғыртуға және жұмыс орындарын ұйымдастырудағы кемшіліктерді жоюға байланысты шығыстарға әлеуметтік бағдарланған жұмыс берушілерге салықтық преференциялар беру туралы ұсыныс жасады.

Оған қоса барлық кәсіподақтар қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті күшейтуді, өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіби ауруларды есепке алу мен бақылаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құруды ұсынды [1].

Бұл жерде кәсіпорында өндірістік жарақаттану деңгейінің айтарлықтай төмендеуіне қауіпті өндірістік факторлармен авариялардың барлық ықтимал жиынтығын болжау мен бірлесіп болдырмауға негізделген еңбек қауіпсіздігін басқарудың ғылыми жүйесін енгізу негізінде, сондай-ақ ұйымның басшы, инженерлік-техникалық және барлық қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігінің жай-күйі үшін жауапкершілігі мен материалдық мүдделілігін айтарлықтай арттыру негізінде қол жеткізуге болатынын атап өту керек.

Бұған қол жеткізу үшін келесі міндеттер анықталды:

- қауіпті өндірістік факторлар мен аварияларды жүйелендіруді әзірлеу;

- кәсіпорында OHSAS 18000 сериялы стандарттар негізінде еңбекті қорғау менеджментінің жетілдірілген жүйесінің жұмыс құрылымын әзірлеу.

OHSAS 18000 сериялы стандарттардың басты ерекшелігі – қызмет саласына қарамастан кәсіпорындардың барлық түрлеріне таратылуы болып табылады.

OHSAS 18000 сериясы екі стандарттан тұрады: OHSAS 18001:2007 «Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджменті жүйесі»; OHSAS 18002: 2008 «OHSAS 18001 қолдану жөніндегі нұсқаулық», онда OHSAS 18001 стандартын қолдану жөніндегі жалпы ұсынымдар келтірілген.

OHSAS 18001 стандарты қызметкерлердің кәсіби қауіпсіздік пен денсаулық саласындағы саясатты қалыптастыруға, сондай-ақ кәсіпорында кәсіби қауіпсіздік пен денсаулық менеджментінің барлық жүйесін жетілдіруге тікелей қатысуын көздейді. Міндетті түрде персонал арасында жауапты тұлғалар тағайындалуы, өз міндеттерін орындамаған кезде шаралар белгіленуі тиіс.

Жұмыс беруші тарапынан еңбек қызметін қорғау саласында біліктілікті арттыру мүмкіндігі көзделуге тиіс, жазатайым оқиғалар және еңбекті қорғау жөніндегі саясаттың іс-әрекеті шеңберінде өзге де бұзушылықтар жағдайында іс-әрекеттер нақты жазылуы тиіс [3].

Болған жазатайым оқиғаларға байланысты кәсіпорын көтеретін шығындарды екі топқа бөліп қарастыруға болады:

1) Сандық көрсеткіштерде өлшенетін шығындар:

- бақылаушы органдарға айыппұл төлеу;
- зардап шеккен қызметкерге өтемақы және айыппұл төлеу, сондай-ақ емделуге ақы төлеу;

- сот шығындары;

- жұмыс орның іркілісі кезіндегі шығындар;

- жазатайым оқиға салдарынан босаған жұмыс орнына келген жаңа қызметкерді оқытуға кеткен шығындар

- жаңа қызметкердің құзыреттілігінің жеткіліксіздігі салдарынан шығарылатын өнімнің өнімділігіне немесе сапасын азайтуға байланысты шығындар:

2) Сапалы көрсеткіштерде өлшенетін шығындар, яғни өлшеуге болмайтын шығындар:

- нарықта фирманың беделінің жоғылуы;
- әлеуетті тапсырыс берушілер мен клиенттер ұйыммен келісім-шарттардан бас тарта алады;
- ауыр жазатайым оқиға кезіндегі уайымдармен, ауырумен және азап шегумен байланысты моральдық залал, бұл залал тек зардап шегушіге ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызмет бойынша онымен жанасқан барлық жұмыскерлерге де әсер етеді.;
- ұйым ішіндегі қалыптасқан қарым-қатынастардың бұзылуы.

Қазіргі заманғы менеджмент теориясына сәйкес сапалы шығындар ұйымның шығынының ең көп үлесін құрайтынын атап өту қажет [4].

Осылайша, кәсіпорындарда өнеркәсіптік қауіпсіздік пен денсаулық менеджменті жүйесін енгізу оларды дамыту үшін қажетті және өзекті қадам болып табылады, оларға еңбек қауіпсіздігінің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге және қолданыстағы өндірістік тәуекелдерді тиімді басқаруға мүмкіндік береді, келесі артықшылықтарға әкеледі:

- ұжымдағы моральдық ахуалды нығайту;
- кәсіби денсаулық пен қауіпсіздікке қатысты барлық қызмет түрлерін жүйелеу арқасында жазатайым оқиғалар санының төмендеуі;
- барлық қолданылатын заңнамалық және міндетті талаптарды нақты сақтаудың арқасында заңды сенімділік;
- беделді жақсарту және бәсекеге қабілеттілікті нығайту;
- жазатайым оқиғалар мен өндірістік апаттарға байланысты материалдық шығындар санын төмендету;
- сот шығыстарының ықтималдығын төмендету;
- интеграцияланған менеджмент жүйесін құру кезіндегі қосымша мүмкіндіктер.

OHSAS 18000 сертификаты ұйымда қолданыстағы еңбекті қорғау менеджменті жүйесінің болуын құжаттамалық растау болып табылады, бұл ұйымның жоғары даму деңгейін білдіреді, оның адалдығын көрсетеді, сондай-ақ ұйымның еңбекті қорғау саласындағы ерекше саясатты сақтауына кепілдік береді.

Бұдан басқа, осы стандарт бойынша сертификаттау, қызметі төтенше жағдайлардың туындау қаупімен тікелей байланысты, қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне зиян келтіруі мүмкін компанияларға қажет. Мұндай компаниялардың қатарына, мысалы, құрылыс, өндірістік кәсіпорындарды жатқызуға болады.

Интеграцияланған жүйедегі менеджмент жүйелері тең жағдайға ие болғанына қарамастан, іс жүзінде бұл олай емес. Бірінші кезекте сапа менеджменті жүйесіне, содан кейін – ортаны қорғау менеджменті жүйесіне және осыдан кейін ғана – кәсіби қауіпсіздік пен денсаулық менеджменті жүйесіне көңіл бөлінеді.

Жоғарыда аталған себептерді жою үшін және барынша қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, жарақаттану жағдайларының санын азайту мақсатында, сондай-ақ жарақаттануды болдырмау мақсатында мынадай іс-шараларды жүргізу қажет:

- қауіпсіздік техникасы бойынша талаптар мен нұсқаулықтардың орындалуын бақылауды жақсарту;

- жұмыс берушілерге персоналдың еңбекті қорғауды қамтамасыз ету бойынша бірыңғай мақсаттар мен міндеттерді орындауға уәждемесін арттыру ұсынылады;

- жұмыс орындарында қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың деңгейін бақылау құралдарын міндетті түрде енгізу;

- жыл сайын кәсіпорындарда еңбекті қорғау мен қауіпсіздігінің қазіргі заманғы стандарттарын енгізу;

- арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің және басқа да жеке қорғану құралдарының жарамдылығын және міндетті түрде киюін бақылау;

- бу, су, газ, қышқыл және басқа да өндірістік коммуникациялар мен құрылыстарды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қорғау құралдарын орнату.

Жұмыс орындарында қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың деңгейін бақылау құралы ретінде қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде қауіптер мен тәуекелдерді анықтау нысаны (1-кесте) әзірленді.

1- кесте. Қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде қауіптер мен тәуекелдерді анықтау нысаны			
Жұмыс орны:	Кешен / цех:	Рұқсат наряд №	
Қауіптер мен тәуекелдерді анықтау тобының қатысушылары (аты-жөні, лауазымы):			
Қауіптілік көзі	Қауіпсіздік шаралары	Бақылау шаралары	Бақылау және қауіпсіздік шаралары бар ма? ИЯ ЖОҚ
Қауіптер мен тәуекелдер	Нысанды бекітті:		

Бұл нысанды қауіптілігі жоғары жұмыстар жүргізілетін кәсіпорындарға енгізу ұсынылады. Осы нысан:

- өндірістегі қауіпсіздік шаралары мен жазатайым оқиғалардың бұзылуының алдын алу жөніндегі профилактикалық жұмысты күшейтуге;

- кәсіпорындардың басшы қызметкерлерінің, сондай-ақ жұмысшы кәсіптері қызметкерлерінің жауапкершілігінің рөлін арттыруға;

- қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде өндірістік объектілерде қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі профилактикалық жұмысты күшейтуге бағытталған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Казанцева Т. Травматизм и смертность на производстве в Казахстане пошли на спад [Электронды ресурс]. – Режим доступа: <https://liter.kz/society/health/9538-travmatizm-i-smertnost-na-proizvodstve-v-kazahstane-poshli-na-spad/>.

2. Травматизм на производстве снизился в Казахстане [Электронды ресурс]. – Режим доступа: <https://www.enbek.gov.kz/ru/node/363128>.

3. OHSAS 18001:2007 «Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджменті жүйесі».

4. Бычек О. И., Малахова Ю. Г. Преимущества и внедрение на российских предприятиях стандартов OHSAS 18000 // Актуальные проблемы авиации и космонавтики. – 2011. – С. 268-269.

1.28. Энергоменеджмент

Біржан Жапсарбекұлы Бектібай

Техника ғылымдарының кандидаты, «Жылу физикасы және техникалық физика» кафедрасының оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті (Алматы қ., Қазақстан)

Сымбат Сәкенқызы Тұрсынбек

Магистрант. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті (Алматы қ., Қазақстан)

Аннотация

Жұмыста өндіріске энергоменеджмент жүйесін енгізу аспектілері жан-жақты қаралды. Зерттеу барысында ISO 50001: 2018 халықаралық стандарты негізінде энергетикалық менеджмент жүйесін енгізуге байланысты, "АлЭС" АҚ өндірістің энергия тиімділігін арттыру үшін мерзімді энергия менеджменті мен энергия жоспарлауды жүргізуге қойылатын талаптар белгіленді. Нәтижесінде «АлЭС» АҚ-ның құрылымына энергоменеджмент жүйесін қалыптастыру негізі ұсынылды.

***Түйін сөздер:** энергоменеджмент жүйесі, энергетикалық саясат, энергия, модель, энергетикалық талдау, мониторинг, техникалық есеп.*

Abstract

The paper comprehensively considers the aspects of implementation of energy management system in production. The study identified the requirements for periodic energy management and energy management to improve the energy efficiency of production of JSC "Ales" in connection with the implementation of the energy management system based on the international standard ISO 50001: 2018.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Тауар өнімінің энергия сыйымдылығын төмендету және соның салдарынан бәсекеге қабілеттіліктің, қаржылық орнықтылықтың, экологиялық және энергетикалық қауіпсіздіктің өсуі жолымен кәсіпорынның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметке назар аудару қажет. Энергия тұтынуды төмендету және сол арқылы кәсіпорындарда энергияны пайдалану